



АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

5-дәріс

Химиялық білім беру қызметтері. Химиялық білім берудегі дидактикалық принциптер.

Оқытушы: п.ғ.к., доцент Унербаева З.О.

Курс: 3-курс

Пән: Химияны оқыту әдістемесі

Дәріс жоспары:


- ✓ 1. Оқытудың дидактикалық принциптерінің мән-мағынасы.
- ✓ 2. Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері.
- ✓ 3. Бағдарламалар, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері

1. Оқытудың дидактикалық принциптерінің мән-мағынасы



Дидактика- білім беру мен оқыту теориясын зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы
«Принцип» сөзінің мағынасы: жетекші идея, негізгі қағида
Дидактикалық принцип – оқыту процесінде сақталуы керек негізгі қағидалар, ұстанымдар, ой-идеялар.

ДИДАКТИКА



2. Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері



2. Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері

1

Ғылымилық принципі

Химия ғылымда қабылданған деректер, ұғымдар, заңдар мен теорияларға сүйеніп оқытылуы. Оқытудың ғылымилық принципінің тек оқулық мазмұнында ғана емес, ОӘК-де, білімді тексеру мен бақылауға арналған өзге де құралдарда сақталу керек. Пәнді оқыту әдістемесінің ғылымның дамуына қарай өзгеріп жатыр. Кешенді химия ғылымын мектепте оқыту тәртібі, химия ғылымының кейбір бағыттарының таңдамалы (элективті) курстарға шығарылып оқыту қажет.

2

Тәрбиелік және дамытушылық принципі

Оқушылардың танымдық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқытудың ғылым негіздерін берік әрі саналы игерудегі бағыттаушы рөлі, осы қызметтің нәтижелілігіне оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, дамытудың маңызы зор. Бұл принципті қолдану оқушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуын үйлестіруге мүмкіндік береді.

3

Түсінікті болу принципі

Оқу материалы мазмұнының оқушылардың жас ерекшелігіне сай болуы. Бұл ғылыми негізге - кереғар, жүйелікке тура қатысты болады. Оқу материалдарының түсінікті болуы көлеміне және ғылыми деңгейіне байланысты, сондықтан кейбір ғылыми ақпарды оңайлатып беруге тура келеді. Оңайлатудың дәрежесін тым төмендетіп жіберсе, бұрмалаушылыққа әкеліп соғады.

4

Жүйелілік принципі

Оқу материалы ғылымның логикасына сәйкес бірінен бірі туындайтын ретпен орналастыралады. Жаңа материал өтілгенді ескеріп беріледі де өзі соңындағыларға негіз болады. Жүйелік негізі, әсіресе, химияның негізгі ұғымдарын қалыптастырғанда ескеріледі. Ол үшін деректі материалдарды заттар және химиялық реакциялар туралы ұғымдар жүйесіне біріктіреді.

5

Көрнекілік принципі

Бұл принцип айналаны танып білудің және нақты нәрседен абстрактілігіе қарай дамитын ойлау процесінің заңдылықтарына негізделген және әртүрлі иллюстрациялар, көрсетілімдер, зертханалық-сарамандық жұмыстарды, көрнекті мысалдар мен өмірден алынған фактілерді пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

6

Белсенділік принципі

Дидактикалық тұрғыдан студент оқу-тәрбие процесінің субъектісі ретінде әрекет етуі керек, ал жаңа білім өз бетімен жұмыс істеу кезінде ең тиімді түрде игеріледі. Сондықтан сыныпта оқушының өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелдеуге мәжбүр ететін жағдайларды жасау қажет сияқты.



3.Бағдарламалар, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері

Қолданыстағы бағдарлама	Жаңартылған бағдарлама
-білім мазмұны бойынша: мұғалімнің ақпаратты оқушыға дайын (өңделген) күйінде бере салуы, оқушының пәндерді оқуда білімді жай ғана «қағып алуға» бағдарлануы - оқыту үдерісіндегі қарым-қатынас бойынша: мұғалім мен оқушы арасында қатынастарға субъект-объектілік сипаттың тән болуы -оқушының мұғалімді және оқулықты дайын оқу аппаратының көзі ретінде қабылдауынан енжар келуі - оқыту нәтижелері бойынша: оқушы іс-әрекетінің репродуктивті деңгейі, оқушы игерген пәндік білім-біліктің сандық мөлшерін бағалануы	Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. Білім беру мазмұнын жаңарту жалпыға міндетті орта білім стандарттары мен бағалау жүйесін, педагогикалық кадрларды дайындау ісін, тәрбие жұмысындағы көзқарасты, басқару мен көшбасшылықты, оқулықтар, ОӘК мен оқу-материалдық базаны жаңартуды білдіреді

3.Бағдарлама, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері

Жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі



- Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі



- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;



- бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі



- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;



- оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;



- білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;




- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;



- оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

3.Бағдарлама, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮЙІНДІ ҚҰЖАТТАР МЕН ТЕРМИНДЕР



- ✓ Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- ✓ Оқу бағдарламасы
- ✓ Оқу жоспары
- ✓ Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық
- ✓ Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы
- ✓ Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар

3. Бағдарлама, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 193-қосымша

Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Оқу жоспары:

- Ұзақ мерзімді жоспар
- Орта мерзімді жоспар
- Қысқа мерзімді жоспар

Негізгі құжаттар арасында байланыс орнату: оқу бағдарламасы, оқу жоспары және қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

Оқу бағдарламасы

Оқу мақсаттары



Оқу жоспары

Оқу мақсаттары негізінде ұсынылған жаттығу түрлері



Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

Оқу мақсаттарын қалыптастырушы бағалау туралы шешімдерді негіздеу

3.Бағдарлама, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері

Оқу бағдарламасы – білім беру деңгейі бойынша пән тұжырымдамасын, сағат санын, бағалау жүйесін және т.б. сипаттайтын құжат.

Оқу бағдарламасында оқушылардан белгілі бір пән аясында күтілетін білімді көрсететін **оқу мақсаттарының жүйесі** және **ұзақ мерзімді жоспар** қамтылған.

Бағдарлама бойынша құжаттардың ерекшелігі

Барлық пән бойынша оқу бағдарламасы – **міндетті**.

Ұзақ мерзімді жоспар – **міндетті** (күнтізбелік-тақырыптық жоспарға негіз болады.)

Орта мерзімді жоспар – **ұсыныс** (рекомендация).

Қысқа мерзімді жоспар – күнделікті сабақ жоспары. Сабақ мақсаты бағдарламада көрсетілген оқу мақсаттарынан алынады.

2020 жылғы 6 сәуірдегі 130 бұйрық



ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МҰҒАЛІМДЕРІ ТОЛТЫРУҒА МІНДЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ НАҚТЫ ТІЗІМІ

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы

КҮН САЙЫН ЕКІ ҚҰЖАТ ТОЛТЫРАДЫ:

- 1) сынып журналы
- 2) сабақ жоспары

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫНДА

- 3) күнтізбелік-тақырыптық жоспар дайындайды

ӘР ТОҚСАН СОҢЫНДА

- 4) критериялық бағалау бойынша құжаттарды толтырады

Жас педагогтің тәлімгері

- + жас әріптесімен бірлесіп атқарған жұмысы бойынша әдістемелік құжат толтырады
- 17 000 теңге үстемесі

Сынып жетекшісі

- + оқу жылының басында тәрбие жұмысының жоспарын жасайды
- + ата-аналар жиналыстарын өткізіп, хаттамa толтырады, оқушылардың табельдерін толтырып, қажеттілігіне қарай жеке істерін жаңартады


ҚАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТАЛАП ЕТІЛМЕЙДІ!

Педагогтерді кәсіби міндеттеріне кірмейтін жұмыс түрлеріне тарту, олардан қызметтік міндетіне кірмейтін нөсәлдер бойынша ақпарат ненесе есеп талап ету фактілері анықталған жағдайда екіншілік айыппұл салынады. Оның көлемі 20-дан 120 АЕК-ке дейін

ҚР БҒМ (№719) ЖӘНЕ ҚР ҰЭМ (№843) БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҒЫ


3.Бағдарлама, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері

Спиральды білім беру бағдарламасы



Сызықтық - өткенге қайта оралмай, қатаң, логикалық реттілікпен оқу

Концентрлік - бір материалды әр түрлі деңгейінде оқу, олардың әрқайсысының өзіндік мақсаты мен оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптары бар



Спиральды - білімді дәйекті және циклді кеңейту және тереңдету, дағдыларды аяқталмай және үзіліссіз дамыту

3.Бағдарлама, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері

СПИРАЛЬДІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ:

- оқушыларды межеленген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;
- спиральді оқу бағдарламасы қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді.

3.Бағдарлама, оқу жоспары сипаты мен ерекшеліктері



Жаңартылған құрылым

«химия» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:

- 1) Заттардың бөлшектері ;
- 2) Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;
- 3) Химиядағы энергетика;
- 4) Химия және қоршаған орта ;
- 5) Химия және өмір.

Қазіргі кезде оқыту принциптері дидактикалық үдерістің белгілі бір тұжырымдамасын құра отырып, жүйе құрайтыны белгілі. Мұндай жүйеге жататын принциптер белгілі бір логикалық негізде құрылады. Дидактиканың арқасында жаңа білімді жан-жақты меңгеру жүзеге асып, оқу-тәрбие үрдісі оқушы тұлғасына бағытталады. Оқытудың дидактикалық принциптерінің барлығы дерлік пәндік курстарда жүзеге асырылады: кейбіреулері көбірек, кейбіреулері азырақ. Дегенмен, оларды жиынтықта пайдалану баладан әлемді және өзін-өзі тануға дайын, кәсіби іс-әрекетке қабілетті және қоғамға пайдалы тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеті



- З.О.Унербаева, О.К.Кулумбетова. Химияны оқыту әдістемесі.Оқулық/-Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2022.-520 бет.
- Программа повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. Руководство для учителя «Эффективное обучение».-2016
- Руководство для учителя «Лидерство учителя в школе». АО «Назарбаев интеллектуальные школы»-2016
- З.О.Унербаева. Химияны оқытудың теориясы мен әдістемесі.-Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2021.-520 бет.
- З.О. Өнербаева Педагогикалық практика әдістемесі (химия пәні негізінде). Оқу құралы. Алматы, 2010.
- З.О.Унербаева, О.К.Кулумбетова. Критериалды бағалау технологиясы.-Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2021.-322 бет.
- Химия: 7,8,9,10,11-сыныптарға арналған оқулық/ М.Қ.Оспанова, Т.Г.Белоусова, Қ.С.Аухадиева., - Алматы: Мектеп, 2020
- www.chem.msu.su/rus/elibrary/
- www.chemistry.r2.ru

Назарларыңызға рахмет!